

Уран өнімін қайта өңдеу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 10 шілдедегі N 1042 Қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008 жылғы 4 мамырдағы
N 406 Қаулысымен

**Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2008.05.04 N 406
Қаулысымен.**

"Қазақстан Республикасындағы кеден ісі туралы" Қазақстан
Республикасының Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы
е т е д і :

1. "Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік
қоғамына 2000 жылы құрамында ураны бар шикізатты қайта өңдеуге "
Қазатомөнеркәсіп" ұлттық атом компаниясы" жабық акционерлік қоғамы мен "
Қарабалта тау-кен комбинаты" акционерлік қоғамы арасындағы 2000 жылғы 27
наурыздағы N 55 шартқа сәйкес жер астында сілтіден тазартылған СЭҚ ТН коды
2844 10 390 ураны бар өнімдерді Қазақстан Республикасынан Қырғыз
Республикасына қайта өңдеуге әкетуге және СЭҚ ТН коды 2844 10 390 қайта
өңделген өнімдерді көрсетілген шарттағы мөлшерде және ережелерге сәйкес
Қырғыз Республикасынан Қазақстан Республикасына әкелуге рұқсат берілсін.

2. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік кіріс министрлігінің Кеден комитеті
мен Қазақстан Республикасы Энергетика, индустрия және сауда министрлігінің
Атом энергетикасы жөніндегі комитеті осы қаулының 1-тармағында көрсетілген
ядролық материалдардың әкетілуін және әкелінуін бақылауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі